

Жасыл құрылыс – Қазақстан үшін маңызды тренд және жаңа мүмкіндіктер

Құрылыс және инженерлік мамандықтар бойынша университет студенттері жобалау ұйымдары, әзірлеушілер және құрылыс компанияларына арналған тренинг семинары

26 ақпан – 1 наурыз 2024 ж. – Алматы – Сәтбаев университеті

Гибридті формат:



- Офлайн – Алматы қ., Сәтбаева көшесі, 22, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті, корпус Н.Қ., У.Сыдықов атындағы коворкинг орталығы.
 - Онлайн - ZOOM платформасында: сілтеме немесе QR код арқылы тіркелу: <https://forms.gle/rjHZjcxUjRVhG8cd6>
- НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** тіркелу міндетті, тіркеуге жауап ретінде қатысушы семинарға кіру сілтемесін алады.

Жасыл құрылыс дегеніміз не?

Жасыл құрылыс - бұл қоршаған ортаға және жаһандық климатқа ең аз әсер ететін ғимараттарды салу және пайдаланудың құрылыс түрі. Жасыл құрылыстың мақсаты – ғимараттың бүкіл өмірлік циклі бойынша (учаскені таңдаудан бастап ғимаратты жобалау, салу, пайдалану, жөндеу, оны бұзу) энергия мен материалдық ресурстарды тұтыну деңгейді төмендету.

Неге бұл қазір Қазақстан үшін маңызды?

- Қазақстандағы құрылыс секторы қазіргі уақытта энергияның негізгі тұтынушысы болып табылады. Бұл сектордың энергия тұтынуы шамамен 47% құрайды. Ғимараттар бұл көрсеткіш бойынша тіпті өнеркәсіптен де асып түсті.
- Қазақстанның ірі қалаларында энергия, су және басқа да қажетті ресурстардың тапшылық фактілері қазірдің өзінде бар сол себепті құрылыс компаниялар үшін ғимараттардың қалыпты жұмыс істеуіне инженерлік желілерге қосылудың техникалық шарттары қиындайды. Келешекте жоғары сұранысқа карамастан құрылыс көлемің қысқарту қаупі бар.

- Қазақстан көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын қабылдады, оған сәйкес еліміздегі ғимараттадың 2060 жылға қарай энергия тұтынуы екі есеге азайту керек.

Қазақстандағы жасыл құрылысты дамыту жоғарыда аталған мәселелерді жеңуге көмектеседі.

Қалай жасыл құрылыс процесінің қатысушысы болуға болады?

Материалдармен танысып, құрылыс жобасын дайындаңыз/жетілдіріңіз және нысанды OMIR Қазақстандық құрылысты бағалау жүйесі бойынша сертификаттаудан өткізіңіз және жобаңызға экологиялық сертификат алыңыз!

Семинар-тренингте не болады?

- Жасыл құрылыстағы заманауи жаһандық трендтермен танысасыз.
- Сіз үшін құрылыста қолданылатын негізгі жасыл технологияларға шолу ұйымдастырылады.
- Жасыл құрылысты сертификаттау жүйелерімен танысасыз.
- OMIR жасыл ғимараттарының қазақстандық стандартының талаптары егжей-тегжейлі қарастырылады.
- Сіздің назарыңызға – «жасылдандыру» құрылыс жобалары үшін маңызды лайфхактар ұсынылады.

Семинарға қатысып, Жасыл құрылыс бойынша материалдармен танысу арқылы, тест тапсырып, тренингті тамамданыз, жасыл құрылыс маманы ретінде сертификат алыңыз.

Бұл сіздің Қазақстандағы жасыл құрылысты қолдауға қосқан алғашқы үлесіңіз болады!!!



Семинар-тренингтің алдын ала бағдарламасы:

Назар аударыңыз!!! Семинар келесі схема бойынша жеке және сырттай қатысу форматында ұйымдастырылады:

- алғашқы екі күн 10.00-ден 14.00-ге дейін - жеке қатысу офлайн немесе онлайн (өткізу орны және ZOOM сілтемесі 1-ші бетте берілген.)
- келесі екі күн – сырттай қатысу (алғашқы екі күнде берілетін материалдармен танысу).
- соңғы күн – тестілеу және оқу кейсін толтыру (қашықтан онлайн режимінде).

Бірінші күн (26 ақпан)

09.00-10.00	Оффлайн қатысушыларды тіркеу, онлайн қатысушылардың ZOOM платформасына қосылу
10.00-10.15	Семинардың ашылуы. Сәлемдесу: - Қазақстандық жасыл құрылыс кеңесі (KazGBC) - Қ. Сатпаев атындағы университеттің өкілі
10.15-10.25	Қазақстандық жасыл құрылыс кеңесі (KazGBC) – жаһандық қозғалысқа қатысуы. Жасыл ғимараттарды насихаттауға қолдау көрсету ● Азымханов Д.Х. – KazGBC директоры
10.25-10.40	Қазақстан экономикасын декарбонизациялаудағы «жасыл» ғимараттардың рөлі. ● Белый А.В., Ph.D – KazGBC атқарушы директоры
10.40-10.55	Жасыл құрылыстағы әлемдік трендтер ● Байсейітов Д., Ph.D. – KazGBC даму жөніндегі директоры
10.55-11.10	Ғимараттарды жасыл стандарттар бойынша сертификаттау: бұл не және не үшін қажет? ● Шопаева А.А. – KazGBC техникалық директоры
11.10-11.20	Сұрақ-жауап
11.20-11.50	Кофе-брейк, нетворкинг

11.50- 12.20	Ғимараттардағы энергиясы тиімді технологиялар және шешімдер. Бағалау санаты: Энергетика ● Шопаева А.А. – KazGBC техникалық директоры
12.20- 13.10	Құрылыс алаңының экологиясын және оның биологиялық әралуандылығын сақтау әдістері мен тәсілдері. Бағалау санаты: Экология ● Пузий В. – KazGBC жасыл құрылыс жөніндегі сарапшысы ● TechnoNIKOL компаниясының өкілі (жасыл шатыр)
13.10- 13.40	Ғимараттың ішкі ортасының сапасын жақсартатын технологиялар мен шешімдер. Бағалау санаты: Денсаулық ● Бекболатова Ж. – жасыл құрылыс жөніндегі сарапшы
13.40- 13.50	Сұрақ-жауап
13.50- 14.00	Бірінші күнді қорытындылау




Екінші күн (27 ақпан)

09.00-10.00	Оффлайн қатысушыларды тіркеу, онлайн қатысушылардың ZOOM платформасына қосылу
10.00-10.10	Семинар-тренингтің бірінші күніне қысқаша шолу. Екінші күннің тапсырмалары
10.10-10.40	Ғимараттың құрылысында қолданылатын материалдардың экологиялық тазалығы. Бағалау санаты: Материалдар <ul style="list-style-type: none"> ● Есенғабулов С. – KazGBC жасыл құрылыс жөніндегі сарапшысы ● Gesheft Trade өкілі
10.40-11.10	Ғимаратта суды үнемдейтін шешімдер мен технологияларды қолдану. Бағалау санаты: Су <ul style="list-style-type: none"> ● Шопаева А.А. – KazGBC техникалық директоры ● Мирошниченко Д. – PROECO қорының директоры
11.10-11.40	Құрылыс алаңының көлікке қолжетімділігі және экокөлікті пайдалану шарттары. Бағалау санаты: Көлік <ul style="list-style-type: none"> ● Байсейітов Д. – KazGBC даму жөніндегі директоры ● Ерзакович Е. – тұрақты көлік жөніндегі халықаралық сарапшы
11.40-12.00	Кофе-брейк және нетворкинг
12.00-12.30	Ғимараттағы қалдықтарды жауапты басқару. Бағалау санаты: Қалдықтар <ul style="list-style-type: none"> ● Бекболатова Ж. – жасыл құрылыс жөніндегі сарапшы ● Зикрина З. – Тұрақты өндіріс және тұтыну орталығының директоры
12.30-13.00	Ғимаратты тұрақты басқарудың принциптері мен тәсілдері; жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу үшін жобаны ынталандыру. Бағалау санаттары: Басқару және Көшбасшылық <ul style="list-style-type: none"> ● Белый А.В., Ph.D. – KazGBC атқарушы директоры
13.00-13.20	Сұрақ-жауап
13.20-13.30	Семинар-тренингті қорытындылау.

Семинар-тренингтің негізгі оқытушылары

	<p>Данияр Азымханов KazGBC негізін қалаушы және директоры. Кәсіпкер, қаржыгер, KazGBC-дің әлемдік жасыл құрылыс қозғалысының құрылымы (WorldGBC), интеграциялануының фасилитаторы, “OMIR” қазақстандық жасыл құрылысты бағалау жүйесін құрудың бастамашысы және бірлесіп әзірлеушісі.</p>
	<p>Александр Белый, Ph.D., KazGBC атқарушы директоры. Халықаралық төмен көміртекті игеру, декарбонизация бойынша сарапшы, энергия тиімділігі, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және қоршаған ортаны қорғау саласында 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. 2004-2021 жылдар аралығында UNDP, GEF, UNEP, EBRD, EU халықаралық жобалардың және ортақ қаржыландыру көлемі шамамен 20,5 млн АҚШ долларын құраған Қазақстан Республикасының Үкіметі жобаларында үйлестірушісі болды. Нормативтік, институционалдық және қаржылық энергия тиімділігін арттыру механизмдері, жаңартылатын энергия көздері, жасыл ғимараттар, парниктік газдар шығарындыларын азайту жолындағы механизмдерді дамыту тәжірибесі бар. Жасыл құрылыс маманы. Профессор, Халықаралық жылжымайтын мүлік және ипотека академиясының академигі (МАИН) 2015 жылдан бастап.</p>
	<p>Дияз Байсейітов, магистр, Ph.D., KazGBC даму жөніндегі директоры. «Болашақ» бағдарламасы бойынша Warwick университетінде магистратураны тамамдады. Ғылым, білім, жасыл технологиялар саласындағы стартаптар саласында жұмыс атқарған: Назарбаев Университетінің технопаркін басқарды, VI Group холдингінің корпоративтік инновациялар, жаңа материалдар, энергияны үнемдеу және smart шешімде</p>

	<p>саласындағы R&D зертханасы құрудың бастауында болды. Халықаралық жасыл технологиялар орталығының Инновациялар және технологиялар трансферті департаментінің директоры. Күн энергиясы саладағы маман. ЭКСПО-2017 байқауының жеңімпазы, CleanTech Open 2017 (АҚШ), DENA SET2018 (Германия) финалисті, New Energy Leader 2018 титулының иегері (Азия даму банкы) және жасыл ғимараттар мен таза энергия көздерін насихаттау үшін UK Alumni Award 2023 in Science and Sustainability (UK Council) сыйлығының иегері.</p>
	<p>Айман Шопаева, KazGBC техникалық директоры. Жасыл құрылыс, энергия тиімділігі, энергияны үнемдеу жөніндегі білікті сертификатталған сарапшы, қала құрылысы, жоба алдындағы және жобалау сараптамасын жүргізу инженерлік желілер мен жүйелердің сметалық құжаттамасы, сондай-ақ ғимараттарды техникалық байқаудан өткізу саласында квалификацияланған эксперт.</p> <p>Энергияны үнемдеу саласында БҰҰДБ, ВМБ, АБР халықаралық жобаларда, сараптамалық ұйымдар жұмыс атқарған, оның қатысуымен 30-дан астам ғимараттардың энергия тиімділігін арттыру және парниктік шығарындыларды азайту бойынша жобалар сәтті жүзеге асырылды. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың «Қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамының Энергия тиімділігі департаментінің директоры болып жұмыс істеді, 2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамытудың бағдарламасын», 2012-2015 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының энергия тиімділігін арттыру бойынша соның ішінде Астана қаласының бағдарламасын әзірлеуге қатысты. Сондай-ақ жылдар бойы ҚазҰТУ, ҚазБСҚА, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті, Л. Гуммлев атындағы ЕҰУ жоғарғы оқу орындарында ұстаздық қызметпен айналысты. Энергетикалық инженерлер қауымдастығының (АЕЕ) халықаралық сертификатталған энергетика менеджері</p>

	(2014 жылдан бастап).
	<p>Жаннат Бекболатова, техникалық ғылымдарының магистрі. А.Бүркітбаев атындағы Энергетика және машина жасау институты, Энергетика кафедрасының Аға оқытушысы. KazGBC аккредиттелген жасыл құрылыс сарапшысы. энергияны үнемдеу саласында 14 жыллық тәжірибесі бар. Жобаларды басқарудағы 7 жылдан астам тәжірибе.</p> <p>Өнеркәсіптік энергетикалық аудит саласындағы кәсіби білім бар. Электрлік камтамасу жобалаудағы тәжірибесі бар.</p> <p>Энергетикалық аудит және энергия менеджменті бойынша ұлттық сарапшы.</p> <p>Америка энергетикалық инженерлер қауымдастығының мүшесі.</p>
	<p>Серікболат Есенғабулов, техника ғылымдарының кандидаты. Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің, Өндірістік және азаматтық құрылыс технологиялар кафедрасының аға оқытушысы. Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында 24 жыл тәжірибесі бар.</p> <p>Азаматтық ғимараттар мен құрылыстардың энергетикалық аудиті саласындағы кәсіби білімі бар. Азаматтық ғимараттарды жобалау, қала құрылысы, жобалық-сметалық құжаттама саласында тәжірибесі бар.</p> <p>Қазақстан Республикасының энергияны үнемдеу және ғимараттар мен құрылыстардың энергия тиімділігін арттыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттары әзірлеуге қатысты.</p> <p>Америка энергетикалық инженерлер қауымдастығының мүшесі. KazGBC аккредиттелген жасыл құрылыс сарапшысы.</p>
	<p>Виталий Пузий, инженер-эколог, энергетика саласында 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. ЗТБ «Қазақстан цифрлық энергия қауымдастығы» энергия тиімділігін дамыту департаментінің директоры.</p> <p>Сертификатталған энергетикалық аудитор (50-ден астам іске асырылған энергетикалық аудит жобасы), (The Association of Energy Engineers – AEE, АҚШ)</p>

	<p>қауымдастығының «Сертификатталған энергия менеджері» (СЕМ) және мүшесі. «Бөлім» қоғамдық ұйымының «Энергия менеджменті» пәнінің нұсқаушысы АЕЕ халықаралық ұйымы, KazGBC аккредиттелген жасыл құрылыс сарапшысы.</p>
--	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Сіздерді семинар-тренингте күтеміз!